

**Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың
тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні тандау жөніндегі
үлгілік конкурстық құжаттамаға**

Азық-түлік сатып алу

Конкурсты ұйымдастырушы: "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Үміт" мамандандырылған сәби үйі" КММ

Тапсырыс берушінің орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар, 292 үй, А – корпусы.

БСН: 960240001033,

Банк деректемелері: ЖСК: KZ11070102KSN0601000, БИК: KKMFKZ2A, ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ММ.

Байланыс телефондары: 8(7132) 51 73 62, 51 73 19

Электрондық мекен-жайы: dr_umit@mail.ru

1. Жалпы ережелер

1. Азық-түлік өнімдерін сатып алу бойынша конкурс өнім берушіні тандау мақсатында өткізіледі.

2. Азық-түлік өнімдерін сатып алу бойынша осы конкурс (лот) үшін бөлінген сомма: **ҚҚС 26 610 000 (жиырма алты миллион алты жүз он мың) теңге** құрайды.

Осы конкурстық құжаттама мыналарды қамтиды:

- 1) осы конкурстық құжаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жеке және заңды тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға өтінім;
- 2) осы конкурстық құжаттамаға 3 және 4-қосымшаға сәйкес баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымның тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді берушіні тандау жөніндегі конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасы;
- 3) осы конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес қызметтер мен тауарларды берушіні тандау критерийі;
- 4) осы конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесі;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен бірге тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді:

1) конкурсты ұйымдастырушының келесі банктік шотына орналастырылған ақшаның кепілдік ақшалай жарнасы **KZ860705022530775001** (ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ),

БСК: KKMFKZ2A, ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ММ.

2) Банктік кепілдіктер.

Әлеуетті өнім беруші және оның сенімхат бойынша өкілі "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Үміт" мамандандырылған сәби үйі" КММ мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар, 292 үй, корпус-А бойынша орналасқан конкурсты ұйымдастырушының пошталық мекен-жайына жібереді немесе колма-кол комиссия хатшысы С. А. Бикниязоваға тапсырады. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №412 бұйрығымен бекітілген Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14223 болып тіркелген) 24-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын

21-ші қаңтар 2026ж., жергілікті уақыт бойынша сағат 12:30 - ға дейін қоса алғанда тапсырылуы тиіс.

Конкурсты ұйымдастырушы белгілеген мерзімнен өткеннен кейін ұсынылған құжаттарды тіркеуге алынбайтыны және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылатынын ескертеді.